



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 14/710  
09 апреля 2021 года

## Вестник

COVID-19! Маңызды сұқбат

### САҚ БОЛАЙЫҚ – САУ БОЛАЙЫҚ!



**Бытырғы наурыз айының орта тұсынан бастап әлем бойынша етегін кеңге жайып, жер бетіндегі тіршілік ететін адам баласын әбгерге салған, талайдың денсаулығын қатерге тігіп, талайды жалмаған жұқпалы әрі қатерлі дерт биыл да қайта бой көрсетіп, жедел қарқынмен өсе бастағанын ақпарат құралдары арқылы есітіп, көріп, біліп отырмыз. Аталған кеселдің салдарынан біздің Приозерск қаласы және айналамызда орналасқан елді мекендер де құралақан емес. Аты жаман аурудың бүгінгі ахуалы туралы «Қарағанды облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің» Приозерск қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасы мен қауіпсіздігін бақылау РММ санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы Гаухар Серікқызы Өнербековадан аталған маңызды мәселеге байланысты сұқбат беруін өтінген едік. «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегімен балаған осы сұқбатты қала тұрғындарының назарына ұсынамыз.**

**Тілші: Приозерск қаласындағы қазіргі таңдағы эпидемиологиялық жағдайы қандай?**

**Г.Өнербекова:** Қазіргі таңда Приозерск қаласы аумағында, яғни Сарышаған кенті мен Тасарал ауылын қоса алғанда аурушандық көрсеткіші облыстық көрсеткіштен жоғары деңгейде. Пандемия уақытынан бері 331 адам тіркелген, көрсеткіші 2183,3. Қазан айынан сәуір айына дейінгі көрсеткіш саны 173, оны 100 мың адамға шаққанда 1141,1. Қаңтар айына 24 жағдай, ақпан айында 40 жағдай, наурыз айында 63 жағдай тіркеліп отыр, барлығы жылдың басынан бергі уақытта 127 жағдай тіркелді.

**Тілші: Коронавируспен балалар көп ауырды ма?**

**Г.Өнербекова:** Барлық ауырған адамдар арасында балалар саны – 39, яғни ауырғандардың 22,5 пайызын құрайды. Оның ішінде ұйымдастырылмаған балалар саны - 8, бала бақшаға баратын балалар арасында 4, оқушылар арасында тіркелген балалар саны – 27. Бұл жағдайлардың барлығы үй жайында карантиндік тәртіпті дұрыс сақтамағандықтан және жақын қарым қатынаста болғандар арасынан анықталып отыр. Топтасқан аурушандық болған жоқ. Мектептерге, балабақшаларға эпидемияға қарсы ішаралар қаулысы шығарылып, карантинге топты немесе сыныптар, мектептер жұмысы тоқтатылған болатын.

**Тілші: Коронавирус туралы тұрғындармен тікелей жұмыстар жүргізілуде ме?**

**Г.Өнербекова:** Қазіргі таңда барлық әлеу-

меттік желілер арқылы түсіндірме ақпараттар, жергілікті газетке коронавирустық инфекциясын алдын алу жөнінде мақала жарияланған болатын. Апта сайын әкім сағатында жергілікті тұрғындармен тікелей эфирлер ұйымдастырылып отырады. ZOOM бағдарламасы арқылы мектеп, балабақша жұмыскерлеріне қазіргі эпидемиологиялық жағдайды түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

**Тілші: Қалада мобильдік топтар құрылды ма? Қалай жұмыс жасап жатыр? Қанша топ бар және жұмыс дәрежесі қандай?**

**Г.Өнербекова:** Қазіргі таңда қала әкімі өкімімен мобильдік топ құрылған. 3 мобильдік топ бар, құрамында әкімшілік қызметкерлері, полиция қызметкерлері, медицина және қоғамдық еріктілер бар. Мобильдік топпен күнделікті тексеру жұмыстары жүргізіледі. 2021-жылғы қаңтар айынан 15 құқықбұзушылық анықталды, барлығы заңға сай қарастырылды. Мобильдік топпен рейд жұмыстары күнделікті жүріп жатыр. Арнайы сызба бойынша және келіп түскен шағымдар бойынша нысанға мобильдік топтары тексеріспен шығады.

**Тілші: Қазір қалада дезинфекция жұмыстары жүргізілуде ме?**

**Г.Өнербекова:** Қала бойынша үй жайлардың кіреберістерін қызмет көрсететін сервистік компаниялар аптасына 2 реттен дезинфекция жұмыстарын жүргізеді, қала бойынша былтыр адамдар көп баратын жерлерге, балалар ойнау алаңдарына, автобус аялдамаларына жүргізілді. Қала аумағында ұжымды көп мекемелерге әскери бөлімдерге, өнеркәсіп орындарына ранцевый шашу аппараты таратылған болатын. Әр мекеме өз алаңын күніне 1 рет болса да өңдеу жұмыстарын жүргізе алады.

**Тілші: Қандай карантиндік талаптарды жиі бұзу анықталуда? Солардың басым көпшілігін атап кетсеңіз.**

**Г.Өнербекова:** Эпидемиологиялық тексеру кезінде ауырған адамдар арасында көбінесе адамдар үй карантинін, маска кию ережесін сақталмайтыны, ұжымдық орындарда және көпшілік жиналатын орындарда элеуметтік ара қашықтық сақталмайтындығы анықталды. Приозерск қаласы мен Сарышаған кенті Алматы – Екатеринбург автожолының бойында орналасқандықтан, адамдардың жүріп тұруы өте көп, басқа аудандар мен қаладан тасымалдау жағдайы да жиі кездеседі. Тұрғындар арасында той тойлау, туған күндерді ұйымдастыру, ас беру тағы басқа іс шараларын өткізу әлі күнге дейін азаймай отыр. Бұл әрине, өте надұрыс. Тұрғындар тек өздерінің денсаулығын сақтап қоймай, айналасына да бейжай қарамаулары, жақындарын сақтауға атсалысулары тиіс.

**Тілші: Жыл басынан вакцинациялау басталған еді. Сіздерде бұл мәселе қалай жүріп жатыр?**

**Г.Өнербекова:** Вакцинациялау мәселесі бойынша қала аумағында қазіргі таңда түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Екпе жасау кабинеттері толық дайын. Қазіргі таңда қалаға вакцина келуін күтіп отырмыз. Вакцина қабылдап алғаннан соң біз аумақта егу жұмыстарын бастаймыз. Тұрғындарды өздерінің денсаулығы мен өмірлерін сақтап, қорғау үшін егу жұмыстарына оң көзбен қарауларын өтінемін!

**Тілші: Маңызды да, мәнді сұқбатыңыз үшін рахмет! Халық салығын сақтау жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын! Сақ болсақ, сау болатынымызды ұмытпайық, құрметті жерлесер!**

Нұрғали Қарабектегі,  
газетінің арнаулы тілшісі

### ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ: СӘУІР АЙЫ «ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» АЙДАРЫМЕН ӨТУДЕ

Елімізде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс-шаралар өтуде. Мерейтойды мерекелеу тұжырымдамасына сәйкес әр ай белгіленген жеке тақырыппен өтеді. Атап айтқанда, Наурыз елдің ұлттық дәстүрлері мен мәдениетіне арналса, ал сәуір айы «Ғылым және технологиялар» айдарымен өтеді.

Барлық іс-шаралар мен жобалар мерейтойлық жылдың басты идеясы «Жасампаздыққа толы жылдар» белгісімен өткізіледі.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеудің сәуір айындағы кестесі оқуда, ғылымда жоғары жетістіктерді көрсетіп жүрген жас талантты қазақстандықтарды таныту және қолдау жөніндегі бірқатар іс-шараларды қамтиды.

«Жастарға мықты тәуелсіз Қазақстанды құруға оның өз білімін, уақыты мен күшін жұмсауына қолайлы жағдай жасау қажет», - деп атап өтті Президент Қ.Тоқаев Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысында.

Бұл ретте, Қазақстанда жас ғалымдарды қолдауға бағытталған бірқатар жобалар іске қосылды.

Нұрсұлтан Назарбаев қоры еліміздің ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындары жанындағы үздік Жас ғалымдар кеңесі байқауын жариялады. Жеңімпазды анықтау

кезінде байқау комиссиясының мүшелері жас ғалымдар кеңесінің белсенділігі мен жұмысының нәтижелілігіне қарай бағалайтын болады. Сондай-ақ, Қор Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарында ғылымның, технологиялар мен техниканың басым бағыттары бойынша қолданбалы ғылыми-зерттеу жобалары мен жас ғалымдардың жұмыстарын қаржыландыруды ұсыну бойынша гранттар алуға конкурс жариялады.

Білім және ғылым министрлігі қазақстандық ғалымдардың ғылым мен жаңа технологиялардың әртүрлі салаларындағы жетістіктерін танымал ету бойынша «GYLYM TALKS» интернет-жобасын іске қосты. Сонымен қатар, осы ай ішінде «Ақылды ұрпақ» жас ғалымдардың онлайн-форумын өткізу жоспарлануда.

Айта кетейік, бүгінде Қазақстанның ғылым саласында 22 мыңға жуық маман жұмыс істейді. Қазақстанның ғылыми қызметкерлерінің 34% - дан астамын 35 жасқа дейінгі қызметкерлер құрайды.

Дерек-көз: <https://www.gov.kz>

### 30-ЛЕТИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА: АПРЕЛЬ ПРОХОДИТ ПОД ЭГИДОЙ «НАУКА И ТЕХНОЛОГИИ»



В стране проходят мероприятия, посвященные 30-летию Независимости Республики Казахстан. Согласно концепции празднования знаменательной даты каждый месяц проходит под отдельной тематикой. В частности, март посвящен национальным традициям и культуре страны, а апрель проходит под рубрикой «Наука и технологии».

Все мероприятия и проекты проводятся под знаком главной идеи празднования «Созидание во имя людей».

Апрельский график празднования 30-летия Независимости Казахстана включают в себя ряд мероприятий по продвижению молодых талантливых казахстанцев, демонстрирующих высокие достижения в учебе, науке.

«Нужно предоставить молодежи все возможности для активного проявления деятельного патриотизма. Необходимо создать благоприятные условия для инвестирования его своих знаний, времени и энергии в созидаение сильного независимого Казахстана», - отметил Президент К. Тоқаев на первом заседании Государственной комиссии по подготовке к празднованию 30-летия

Независимости Республики Казахстан. В этой связи, в Казахстане запущен ряд проектов, направленных на поддержку молодых ученых.

Фонд Нурсултана Назарбаева объявил конкурс на звание лучшего Совета молодых ученых при научных организациях и вузах страны. При определении победителя члены конкурсной комиссии будут опираться на активность и результативность работы Совета молодых ученых. Также Фондом объявлен конкурс на соискание грантов по предоставлению финансирования научно-исследовательских проектов и работ молодых ученых в области прикладных научных исследований по приоритетным направлениям наук, технологий и техники в высших учебных заведениях и научных организациях Республики Казахстан.

Министерством образования и науки запущен интернет-проект «GYLYM TALKS» по популяризации достижений казахстанских ученых в различных отраслях науки и новых технологий.

Вместе с тем, в течение месяца планируется проведение онлайн-форума молодых ученых «Умное поколение».

Отметим, сегодня в сфере науки Казахстана работают около 22 тысяч специалистов. Более 34% научных работников Казахстана составляют сотрудники в возрасте до 35 лет.

Источник: <https://www.gov.kz>

## Өйтүркі

## АҚЫНДАРДЫ АРДАҚТАП, АЯЛАЙЫҚ!



Мұқағали Мақатаев

2021-жылдың ақпан айында Қазақстанда жырсуіер қауым, мектептердегі Отан-сүйгіш жас буын, кітапхана қызметкерлері, аудандық тілдерді дамыту және мәдениет қызметкерлері, журналистер мен теледидар қызметкерлері елімізде өмірдің өте қиын кезеңдерін басынан кешкен Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойын 9-ақпаннан бастап тойлап, әрі қарай жалғасын таппақ. Барлық қазақ М.Мақатаевтың өмірдегі қиын тағдырын жақсы білмесе де, ақынның ұлттық әдебиетке, әсем әнге қосылатын өлеңдері мен мәдениетке де өз үлесін қосқанын әнші де, малшы да, жастар да, аға буын да жақсы біледі. Кейінгі жылдары жастар, көрі де жынды жерде, отырыстарда, концерттерде ақынның сөзіне жазылған әндерді орындап жүр. Туелсіздікке 30 жыл толып жатыр. Жаңа ұрпақ өсті, мәдениет рухани жаңғырып жатыр ойшыл ақынның өлеңдеріне қызығушылық таусылар емес. Ақынның қиын өмір кешкеніне қарамай, өз халқына әдебиетте жыр биігін айқындайтын сырлы, сазды өлең жолдарын қалдырды. Мұқағали Мақатаев Қазақ поэзиясының үлгісі, жыр жазудың ұстазы, қазақ өлең өресінің биік шыңы, қазақ поэзиясының дамуының жетістігі мен көрсеткіші.

Мұқағали Мақатаев әдебиетке жаңаша леп, ағым әкелген, ақыннан жыр жазу әдісінен тәрбие, үлгі алып, көп оқитын, ізденетін жас қаламгерлер көбейе бастады. Ақын қайсыбір тақырыпта қалам тартса да жерді, көкті, жанды-жансыз дүниенің әсемдігін жазса да, ойының өрістілігі, қиялының кеңдігі, қазақ поэзиясын еркін игергендігін шебер көрсете білді. Міне, осындай қасиеттерімен, биік мәдениетімен, ерекше поэзиясымен қазақ халқы алдында жарқырап шыққан жұлдыздай, басқа ақындардан бөлек қатарда тұрған соң тек Қазақстанда емес бүкіл қазақтар жасайтын мемлекеттерде ақыннан жастардың жыр жазуға дағдылануына мүмкіндік туды. Мұқағалимен деңгейлес сондай ақындардың бірі – өзбекстандық Өмірзақ Қожамұратов. Қызылқұмның Бұхара облысы, Тамды ауданында 1936-жылғы 6-наурызда дүниеге келген ақын Өйтүркі ауылындағы бастауыш мектептің оқытушысы болып еңбек жолын бастаған. Ақынның алғашқы ұстазы Қатша Құлбарақова шәкіртінің дәстүрлі оң қолмен жазу талабын орындап алмағанын айта келе, оның мінезін ерекшелігін, зеректігін, жоғары интеллектуалды, өзіне сенімді екенін, қабілеті мен дарынын аңғарып, келешекте сыртта қалмайтынына сенген. Шәкірті өсе келе жоғары дәрежеде сурет салып, орыс дейбісын шебер ойнап, өлең-жыр, дастандарды жатқа айтып, өзі тәп-тәуір өлеңдері қазақстандық газеттерде жариялана бастағанына куә болады.

Мектепті бітіріп, жоғары оқуына қабылданып, оны жетіспеушілік салдарынан бітіре алмай қалып, әртүрлі салада еңбек етуіне тура келеді. Мүмкіндігі қаржы жағынан шектеулі болуына қарамастан тынбай көп ізденуі, қазақстанның басылымдарын көп оқуы, оның ақын болып қалыптасуына, қанаттануына үлкен әсер етті. Қазаққа «алмас қылыш қын түбінде жатпайды», - деген макал бар. Өзінің өміршен өлеңдерімен ақындар қатарына келген қызылқұмдық ақын тұсаукесер «Жиделібайсын» атты

кітапшасын «Жазушы» баспасынан шығарып, жерлестерінен сүйінші сұрады. Қызылқұм тарихында қазақ поэзия тарландары Өмірзақ Қожамұратовтың талантты ақын екенін мойындап, өлеңдер жинағының Қазақстан баспасынан шығуы қызылқұмдық жерлестері үшін үлкен оқиға болды. Ақын арнайы оқу бітірмесе де, үздіксіз ізденуі нәтижесінде өзіндік сөз патшалығын жаулауға бет қояды. Қазақ поэзиясының тарланы Мұқағали Мақатаевтың жыр дәстүрін жалғап, өмірде де, поэзияда да соңынан ерген інісі болады. Өмірзақты қазақ ақындарының ішіндегі ерекше құрмет тұтатын ақын-інісі ретінде Мұқағали оған поэзия әлемінде қозғау салады. Інісі одан әрі жігерленіп, шаттанып, шабыттанады. Ағалары әрі әйгілі жыр алыптары Әбділда Тәжібаев, Әбу Сәрсенбаев, Зейнолла Шүкіров, Оспанхан Әубәкіров, Бақыт Сарбалаұлы, Зейнолла Серікқалиев, Сейфолла Оспан, Жарас Сәрсек, Свет Оразев, Ізтай Мәмбетовтермен қатар тұңғыш кітапшасына Мұқағали Мақатаев та өз пікірін былай деп білдірген: «Өмірзақ мықты ақын. Солай бола тұрса да осы пақыр әзірге пойызға билетсіз мінген жолаушы тәрізді. Ақын да адам. Оның шығармашылық тағдырына да бірауыз көңіл аударған жөн ғой дейміз. «Ақындарды аялау керек!» деген Маркс сөзі бар. Өмірзақ та аялауды қажет етеді. Ол Бұқардан қалған сынық қой», деген. Мұқағали Мақатаевтың бұл пікірі Өмірзақ ақынның ақиқат жолын таңдап, қиын, мұңлы тағдырынан хабардар еткенін аңғартады. Күні кеше өмірден өткен Өмірзақтың күрделі тағдырымен жақсы таныс жерлестері оның мықты ақындығымен бірге оның ғұмырын күн өткен сайын кезең-кезеңге бөле отырып, ой толғайды. Ақын өз өлең жолдарында өз ақиқатымен, шындығымен «рухани соқырлықтан» арылып, жанаша өмір сүріп, көшке ілесіп, жанаша оқып, басқа ұлттармен теңесіп, жаңа өмірдің есігін ашуға тырысатынын айтып, басқаларды да соған шақырды. «Ғұмыр бойы жақсылыққа бейімдел, Саған қарап сабақ алсын кейінгі ел.» деп ұрандады ақын. Ал, мына төрт қатар кімді болса да ойландырады.

**Тәкаппар болма, тәлім ал,  
Еңбектен бақыт табарсың.  
Басыңа түссе, қас қақпай,  
Жыланой қойдай бағарсың...**

Одан кейін «Таңғы дауыс», «Санамақ», «Жол аяқталмайды» өлеңдер жинақтары жарық көріп, жырсуіер қауымды бір серпілдіп тастаған. Мұқағали секілді Өмірзақ та сол кездегі солақай саясаттың, дүбәра қоғамның құрбандары болғаны ақиқат. «Ауа болып кетермін» өлеңі бұл сөзімізге дәлел бола алады.

**Жырдың көшіні қалай қарай тар-тайық,  
Ой өрнегін салдым мен де шалқайың.  
Ақын емес, - десе де жұрт ырзамын,  
Ақын десе, қалам рас, марқайың.** Осы өлеңнің жалғасы:

**Сарапандар. Мына менде не бар-ды,  
Бар нәрсені бағаламау абал-ды.  
Тірілігінде сыйламаған ағайын,  
Өлгеннен соң жапсырмаңдар медальді!**

Оған медет берген тек поэзия болды, қолынан қаламы түспей жақсы жыр жазып, көңілді болып, жадырап жүрді. Жұмыстан шығып қалса да ешкімге қол жаймай, өзінің қара күшіне сеніп, жұмыс талғамай, кітап шығаруға қаражатты өз еңбегімен тапты. Қолжазбаларын Қазақстанға әкеліп, кітаптары шығарып жүрді. Көз көрген жерлестерінің айтулары бойынша кітабын шығару үшін бір шаруашылыққа барып жалданып, бір айда бітіретін жұмысты күні-түні дем алмай бір жетіде бітіріп, жол қаражатын тапқанына куә болған. Өзінің қара күшінің арқасында поэзияға біржола берілген ақын өз қолымен тұрғызып үйінде қысы-жазы жападан- жалғыз жатып таза әдебиетпен айналысты. Ақын ағайын туыстарымен, жерлестерімен қарым қатынасын былай жырлапты:

**Қасымдағы қасқамен,  
Қаламың да ұғыспай.  
Алыстағы басқамен,  
Сырласамын туыстай.  
Тілеулеске асықтым,  
Тілеуімді берсе егер.  
Жұмыр жердің үстінде,  
Жүрегіммен өлшенер...** Қызылқұмдық талантты ақын қазақстан қаламгерлерінің

асқар тауы, биік шыңы, бауыр басып қалған поэзиядағы ағасы Мұқағали Мақатаевтай әртүрлі тақырыптарда Мұхаммед Пайғамбарға, Махамбетке, Рабиндранат Тагор, Хафиз, Омар Наям, Абай Құнанбаев секілді табиғатқа, анаға, туған жерге, махаббатқа, ана тілге арнап біраз өлеңдер жазды.

**Жермен бірдей ауыр жүкті көтеріп,  
Мийым менің кей күндері шаршады.  
Өз басымда, қуаныш, мүң жетерлік,  
Самайымда өткен күннің бар шаңы...**

Ақынға ең ауыр жүктің бірі әділдік, ақиқат, шындықтың жеңіп жарыққа шығару болды. Қазыбек би Келдібекұлы «Жағымпаз адам, жаудан жаман» деген екен. Ақынның жағымпаздықпен күрескенін де барлық өлеңдерін оқығанда жақсы білеміз.

**Білмеймін ғой кімдерде тірек күшті.  
Тілемеймін ешкімнен құдырет күшті.  
Ақиқатты қасқайтып айта білген,  
Ар алдында, ағайын, жүрек күшті!  
Қайтпағанмен кім-кім де қиын істен,  
Жеме-жемде тартар-ау күйін іштен.  
Жалған айтып, аяққа орағанша,  
Ақиқатты айтып өл сүйіншіпен!**

Ақынның келесі жырлары өмірдегі екінші ұстанған бағыты мен өмір жолы туралы.

**Байғұстарды қасқырша таламадым,  
Айбарлының аяғын жаламадым.  
Адамдарды айырып, сортқа бөліп,  
Үйренбедім жолдарын алаудым.  
Қаһарлының алдында қайқандаған,  
Жолдас бола алмады шайтан маған.  
Арам атак, беделден қашып жүрген,  
Мен бір жанмын тұнығы шайқалмаған.**

Осы өлеңдерімен макаланы аяқтауға болар еді. Дегенмен біз өмірде, поэзияда тағдырлары бірдей, мақсаттары қазақтың әдебиетінің өрісін кеңейтіп, жырлары өзіндік қол тапқан Мұқағали Мақатаев та, Өмірзақ Қожамұратов та өз өлеңдерімен заманды өзгертпесе де төңірегін ақиқат пен әділдікке, шындыққа, тазалыққа шақырып, адамды түзеуге күш салған. «Сен маған досыңды айт, мен сенің кім екеніңді айтмамын.» деген емес пе? Жоғарыдағы мен кейінгі Өмірзақтың өлеңдерін мысал ретінде келтіргенде екі ақынның, екі достың, кім екенін тану қиын емес.

**Ей, тірілер!  
Араңызда арамза көп қой әлі,  
Үңгіп-үңгіп ішінді жеп қояды.  
Разы емес олар да заманаға,  
«Заман, заман бұзылды», деп қояды.  
Ондайлардың зарына құлақ аспа,  
Заман жақсы. Заманмен кінәласпа!**

Өмірзақ ақын уақыт өте жетіліп, провинциялық ақыннан зиялы қауым қатарына жетіп, философиялық күрделі тақырыптармен, биік өресімен өзін таныта білді. Ақынның қиын ғұмыр кешуіне қарамастан, өмірден түңілместен қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың тұсында баптанып, қалыптасып, ұстазының дәрежесіне жетіп, ұстазымен поэзияда тең болып өскендігін өлеңдерін оқығанда көз жеткізесіз.

Осы жерде оқырманға екі мәселені айта кеткен жөн. Біріншісі, қызылқұмдық таланттың бағын ашқан, бұлақтың көзін ашқан Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін барлығы білген соң үзінділер келтірмедік. Екіншісі, Өмірзақ Қожамұратовтың өмір мен поэзиядағы ұстанған позициясын көрсету. Екеуінің ортақ тақырыптарды өзіндік бояумен бейнелеп, өз әуенімен айтылатын туындыларын тек жарнамамен шектелмей, келешек ұрпақтың басты мақсаты олардың өлеңдерін терең түсініп, бойға сіңіріп алу болып табылады. Кейінгі жастар осы екі ақыннан рухани күш алып, ақындардың демі үзілгенімен, олардың өмірін тікелей жалғастырмаса да, солар салып берген жолымен, әдісімен жүріп, жырлары жарияланбаса да, жақсы істер атқарып келе жатқанына қуанамыз. Сол істердің бірі ақындардың мерейтойларында асқактата өлеңдерін оқып, әндерін шырықп, бір емес, бірнеше жас ақындарымыз бәйгеге қосқан аттай жарысып, жоқтың орнын толтырып келеді. Жазған өлеңіне аты-жөнін көрсетпеген жерлесі ақынын іздеп жазған өлеңі жарық көретін уақыты жетті. Өлең 25 жылдан соң жарияланбақ.

**Мүмкін авторы табылып қалар.  
Бас немін өзіне..  
Ағатайым, әрауқ болып жатырсың,  
Әрауқтарың шабытымды шақырсын.  
Бас немін әрқашанда өзіне,**

**Алыс емес басқалардан жақынсың,  
О, Өмеке!  
Келте тағдыр, қыл бұрау,  
Тірі болсан, берер едім, бір сұрау.  
Қабіріңнің келіп тұрмын басына,  
Құлыптасты басқан екен, аз қырау.  
Жаннатта боп хор қызың, аға,**

**құшақайсың,  
Пәк таза жан, дүлдүл мініп ұшқайсың,  
Арың да таза, жаның да таза, адал жан.  
Бір ғана өзің шын ақынға ұқсайсың!**

Екі ақынды әрбір қазақтың жүрегіне поэзияның үлгісін, әуені мен мән-мағынасын, күшін, сұлулығын оқырман жүрегіне таңбалап басып тастап кетті. Екі ақынның махаббат жырларын, мол мұраларында көтерген тақырыптарындағы теңеулерін, сипаттауын, дарынының биіктігін тек оқумен шектелмей, оны жас буынның терең түсінуін әрдайым қадағалап отыру қажет. Мұқағали Мақатаевтың өмір жолы, өнер мұраты туралы радио-телеарнадан хабарлар беріліп, мерейтойларында өлеңдер оқылып, спектакльдер қойылып, өлеңдері шет тілдеріне аударылып, ескерткіштер қойылып, мектеп, көшелерге аты қойылып, кітаптары жаңадан басылып жатыр. Ал мақсаты бір, діні, тілі, тағдыры бір, кезінде қол жетпес сұлуға ғашық болып жалғыз өткен Мұқағалидың замандасы, поэзиядағы інісіне келгенде егемендік елімізде барлық, рухани, мәдени тілектің сараңдығынан, қаржылық жағынан шығынға түсетінінен қорқатындай, Өмірзақтай ақынды ұмытуға сәл қалып тұрмай. Өмірзақ қазір қазақстан ақын-жазушыларының зиялы қауымындағы санаулы адамдарының жадында тұр. Уақыт өте келе олар тарапынан да ұмытылып келеді. Беделді бір ұйым белсенділік танытып, қызылқұмдық ақынының есімін мектепке ме, көшеге ме бергізсе нұр үстіне нұр болар еді. Кезінде өз туған елінде Өмірзақ Қожамұратовтың ауыл жастары Ұлықбек Үмбетов, Дәрібек Ахметов жыр клубын ашқан еді. Ұшқұдық мәдени орталығы қалалық №4 мектепке, Тамды ауданы халқы мектепке ақынның есімін бергізгенін білеміз. Өмірзақ Қожамұратов қорын ашып, дарынды оқушы, облыста студенттерге стипендия тағайындап, әртүрлі ән-жыр сайысын өткізіп, өлеңіне ән шығарған әуесқой сазгерлер сайысының жеңімпаздарын қаржылай сыйлықтайтын болатын. Тамдыда, Ұшқұдық қаласында ақынның мұражайы ашылды. Өлеңдерін барынша ашық интеграциялық, тәрбиелік сабақтарда балаларға жаттатып, 60 жасқа толуына байланысты ақынға арнап түрлі шаралар, кездесулер, жыр кештерін, концерттер ұйымдастырып, өлеңдерін Қызылқұм халқына газеттерде жариялау арқылы таныстырып отырдық. Марқұмның көзі тірі кезінде жерлестері бірнеше өлеңдеріне әуелгі аккордтарымен асқактата шырқаған туған жері Тамдыға арнап «Тамдым әнім» әнін тыңдатқан еді. Мұқағали Мақатаевпен өмір жолы және өнер жолы бірдей Өмірзақтың әрбір өлеңдерінің, жырларының құлақ күйі келіп, әуені асқақтап, сазы мен ырғағы жымдаса келіп тұр. Ақынның өлеңдеріне жерлес өнерлі жастар тек өлеңдерін жаттаумен шектелмей, музыка да жазып жүр. Ақынның қолжазба күйінде қалған мол мұрасын атақты сыншы Зейнолла Серікқалиев ақынның туған еліне Алматыдан арнайы келіп жинастырып, қаламгер қайтыс болғаннан кейін «Ой кешу», «Күн астында – құдырет» өлеңдер жинағын шығарып үлгерді. Өкінішке орай ақынның барлық кітаптарының таралымын қаражатқа байланысты 1000 данадан асырмапты. Ол кітаптарды бүгін қалалық, облыстық кітапханалардан таппауымыз, тек облыстық үлкен кітапханаларда бірер дана сақталуы мүмкін.

**«Өсек-аян, қиянаттан құтылған,  
Тірісінде пысықтардан ұтылған.  
Ақын жатыр үнсіз тілі байланып,  
Жырлары жүр дүниені айналып».**

«Құлыптастағы жазулар» өлеңінде осы төрт қатар өлең өз құлыптасында жазылған. Ақын әдеби, мәдени күш-қуаты толысқан, ең кемел шағында арамдыдан мезгілсіз ерте кеткен. Қазақ жырының таңдаулы кітаптарының қатарынан орын алған «Ой кешу», «Күн астында – құдырет», - атты өлеңдер жинағының авторы, қазақтың жыр алыптары мойындаған «Қызылқұмның жыр

(соңы 3 бет.)



## АҚЫНДАРДЫ АРДАҚТАП, АЯЛАЙЫҚ!

Ойтүркі

(соңы басы 2 бет.)

патшасының» өмір жолында мәдениетке, ана тіліне, поэзияға қосқан үлесін рухани жаңғыру кезеңінде насихаттаудың ролі бөлек. Екі ақынның бірі Өзбекстанда, бірі Қазақстанда жасап ұлтына, тіліне, поэзияға бірдей Алатау мен Ақтаудай үлес қосқан еңбектері зерттелу керек. Бұл тек бүгінгі әдебиеттанушылардың, зерттеушілердің, қазақ халқының мәселесі емес, ол болашақтың да міндеті. Әдебиетті осы екі ақынсыз оқу, білу – мән-мағынасыз, мақсатсыз өмір сүргенмен тең. Біз жастар ортасында қазақ поэзиясына өзіндік көзқарас қалыптастыруымыз қажет. Түйіндеп айтқанда, көптен ойда жүрген, дәлелді пікірді 2021- жылғы

9-ақпандағы Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойында сәті түсіп, қазақстандық әдебиет және мәдениет саласындағы, мәдениет, спорт министрлігі қызметкерлеріне құлаққағыс етуге мүмкіндік туып тұр. Жазушылар Одағы да қызылқұмдық ақынға көзқарасын өзгертіп демеушісі, сүйеніші болып, онсыз да досынан дұшпаны көп заманның салдарынан шығармашылығының қызығын көре алмай кеткен ақынға көңіл аударса ғой дейміз. Ол мінезі жұмсақ, кішпейіл, қарапайым, мәдениетті, өте сауатты, халықтың, қазақ тілінің мәртебесін ойлаған, ақиқат пен әділдіктің жолын тандаған ақын еді ғой. Өмірзақ Қожамұратовтың өресін, қаламгерлік шеберлігін, ерекшелігін танытарлық мына

төрт қатар өлеңінің өзі-ақ бағалануға лайықты.

**Өмірге артар өкпем жоқ,  
Ешкімге есем кеткен жоқ.  
Жеткізбей жүрсө біреулер,**

**Біреулер маған жеткен жоқ...** Әлбетте, біз Қызылқұмның ақыны кемсітпелі, шеттетілді, әдеби одақтың, әдебиеттің «ұнамсыз ақыны» деп саналады деп ойламаймыз және ешкімді де кіналамаймыз. Алайда, қазақ еліне ортақ ақынға айрықша назар аударуды өтінеміз. Сонда әдебиетіміздің кемістік тұстары толар еді. Қазақ «өлген тірілді, өшкен жанды» дейді. Бұл мақала рухани жаңғыру кең тыныс алып жатқанда қазақстандықтарға Өмірзақ Қожамұратовтың сөзі тіріліп, шырағы жанып, ақын-

ның өзі жырлағандай заманымыз, ұрпағымыз бағасын берсе деумен келеміз.

**Өмірде өресіз кім, орелі кім?  
Күтпей-ақ келешектің төрелігін.**

**Айтады әділетін бүгінгі ұрпақ,  
Өмірлі, өмірсізін өлеңінің...** деп түйін жасап кеткен ақынның өлеңдерін төмендегі өлеңдер жинақтарынан оқуға болады: «Жиделібайсын», 1966-ж. «Таңғы дауыс», 1971- жыл. «Жол аяқталмайды», 1981-жыл. «Ой кешу», 1989-жыл. «Күн астында – құдырет», 1998-жыл.

**Адилбай Шилманов,  
ҚР дүниежүзі қазақ қауымдастығы  
Шахтинск қаласы филиалының  
торағасы.**

**Нұрғали Қарабектегі,  
ақын, ҚР журналистер Одағының  
мүшесі.**

### Болашаққа нақты қадам

Жаңа мың жылдыққа ұлы мұратпен қадам басқан еліміздің рухани жанаруының бастауы латын әліпбиінде жатыр. Латын әліпбиіне ауысу қазақ тілінің дамуына, халықаралық мәдени-рухани және экономикалық байланыстардың нығаюына және IT – технологиялардың дамуына жағдай жасайды. Нақты және жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық ғылымдардың озық еңбектері дәл осы латын қарпімен жазылған. Еліміз тәуелсіздік алған жылдардың басынан бері қоғамда латын әліпбиі туралы мәселе кеңінен талқыланып келді. Қоғамдық ортада зиялы қауым тарапынан латын әліпбиіне көшу мәселесі қолдау тапқаны баршамызға белгілі. Бүгінгі таңда елімізде латын әліпбиіне көшудің барлық алғышарттары мен дайындық жұмыстары жасалып бітті. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тарапынан да, зиялы қауымның тарапынан да латын әліпбиінің халықтың болашағы үшін пайдалы екені кең көлемде насихатталып келді. Ресми талқылаулар мен бейресми отырыстарда халықтың басым көпшілігінің латын әліпбиіне жаппай көшуді қалайтыны анық байқалды. Қазіргі заманның соңғы технологиялық жетістіктері, барлық ақпараттық-коммуникативтік байланыс құралдарының тілі латын әліпбиіне негізделген халық түсініп-біліп отыр. Ұлттық білім беру парадигмасы, оның басты ұстанымдары жоғары білімді маманға ерекше міндет артып отырғаны белгілі. Өйткені, елімізде бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына жеткізетін, соған мүмкіндік жасайтын, ең алдымен, білімді де білікті маман екені даусыз. Демек, еліміздің экономикасын дамытатын, мәдениетін көтеретін ХХІ ғасырдың маманы қандай болу керек дегенде, ең алдымен, өз халқының баға жетпес байлығы, төлқұжаты ана тілін жетік білетін, оның сан алуан қырларына бойлай алатын тілдік тұлға болуы міндетті. Өйткені, тілін сүйген, оны қадірлей білген адам өзін де, өзгені де, мәдени құндылықтарын да бағалай алады. Тілдік тұлға тілде

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ ЖАЗУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЫҚШАЛЫ

бейнеленген ақиқатты қолданып қана қоймайды, тіл арқылы ақиқаттың өзін рационалды, эмоционалды мақсатта бейнелейді. Сондықтан тілдік тұлға – өз санасында ақиқатты бейнелеуші ғана емес, оны санада қайтара жаңғыртушы қасиетке ие белсенді әрекет иесі. Адамды, оның жан дүниесін тілінен тыс зерттеуге болмайды. Сондай-ақ, тілді де адам арқылы, адамның жан дүниесі арқылы зерттеуге болмайды. Адам – өз сөзінің иесі, өз сөзінің қожасы болса, тілдің иесі де, қожасы да – халық. Дәлірек айтсақ, тілдің субъектісі, біріншіден – тілдік тұлға (жеке адам, тілді тұтынушы), екіншіден – халық, ұлт (тілдік ұжым). Тіл – ұлттық мәдениеттің коды. Тіл – халықтың мәдениеті мен қуатының көрінісі. Елбасының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген ұраны да тілдің осындай құдіреттілігінен туындап отыр. Қазақ тілінің руханиятымыздың өзегі болуы да, мемлекеттік тіл мәртебесін, әлеуметтік жауапкершілігін сақтай алуы да оны өз деңгейінде бар болмысымен қиюын тауып, қисынын келтіре қолданумен байланысты. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында латын әліпбиіне көшудің жаңа міндеттерін белгіледі: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес. Латын әліпбиіне көшудің мақсаты – «балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызу екенін» естен шығармауымыз керек. Дегенмен, «әліпби ауыстыру ана тілімізге не береді, неден ұтып, неден ұтыламыз?» деген

сұрақ та көпшілік көңілінде жүргені белгілі. Белгілі түрколог ғалым Ш.Ыбыраев латынға көшкенімізде ұтатын төмендегідей тұстарымызды көрсетеді:

Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқартыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді.

Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіріруге тиімді жолдар ашылады.

Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол да табиғи іс екендігін айтқым келеді.

Қазіргі зиялы қауым өкілдері латын әліпбиіне көшуді әлемдік өркениет жетістіктеріне алып баратын негізгі жол деп есептейді. Оның саяси мәні де зор. Яғни латын әліпбиіне көшу арқылы Қазақ елі бүкіл түрік әлемімен бұрынғыдан да жақындаса түседі. Сонымен бірге шетелдерде тұратын қандастарымыз үшін өз атамекенімен қарым-қатынас жасауларын да жеңілдетеді. Ақпарат және телекоммуникациялық саладағы қолжетімділік те артады. Әліпби ауыстыру, бұл – ұлттымыздың тарихындағы ең маңызды бетбұрыс болып табылады. Сондықтан осындай мемлекеттік маңызы бар іске ұлкен жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

Латын әліпбиіне көшуді заман талабы, әлемдік өркениеттіліктің заңды үдерісі ретінде қоғам қабылдады. Латын әліпбиіне

көшу ұлттымыздың санасын қайта жаңғыртады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға жол ашады Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Еліміздің латын әліпбиіне көшу – ұлттымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі» делі.

Латын әліпбиіне көшу бізге ұлттық құндылықтарды, рухани байлығымызды, рухани мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді сақтап ары қарай дамытуға себепші болады. Біз өз тарапымыздан латын әліпбиінің артықшылықтарын халыққа кеңінен таныстыра отырып, бүгінде ішкі саясатымыздағы басты жетістігіміз азаматтық қағидаларға негізделген қазақстандық бірегейлікті нығайтудың және дамытудың жолдарын көрсете аламыз. Ұлттық мұрат негізінде қоғамды ұйыстырып, әлеуметтік бірлікті нығайту кез келген көп ұлттық мемлекеттің қоғамдық өмірінің күрделі жақтарының бірі болып табылады.

Сондықтан, Мәңгілік Ел мұратына ұмтылған Қазақстан халқының ұлттық кодының негізі саналатын рухани жаңғырудың негізі латын әліпбиіне көшу – еліміздің әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарынан табылуының кепілі болып саналады.

**Лена Нурсейтова,  
Қарағанды облысы білім басқармасының  
Приозерск қаласы білім бөлімінің  
«№1 жалпы білім беретін мектебі»  
КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі**



## РОЛЬ ПЕДАГОГА В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Почётная профессия



*“Высшее искусство учителя — это умение пробудить радость от творческого выражения и получения знаний.”*

Альберт Эйнштейн

**Профессия «учитель» была, есть и будет самой почетной, востребованной, но очень тяжелой. Педагогом быть нелегко. К данной профессии у человека должно быть призвание и талант, потому что передавать молодому поколению опыт и знания – это одна из непростых задач. После семьи, близкими ребенку людьми являются педагоги. Именно они первый раз встречают ребенка на пороге школы и ведут его по дорожке знаний, именно они, словно скульпторы, лепят из детей будущую личность, прививая им общественные нормы, образцы поведения.**

Учитель должен не только в совершенстве владеть профессиональными навыками. В личности педагога должны сочетаться такие человеческие качества, как любовь к детям и к своей профессии, доброта и честность, открытость и справедливость, отзывчивость и уважение, ответственность. В учителе ребенок должен видеть пример, образец для подражания от которого он может взять только лучшие качества.

В настоящее время, с развитием науки и

переходом общества к новой ступени развития, очень важно осознавать, что требования современного общества к учителю растут. Вместе с тем растет и его вклад в развитие этого общества.

Но неизменным остается авторитет учителя, который суммируется из таких качеств, как скромность, простота, естественность во внешности и поведении, умение держать себя в классе, спокойствие, выдержка, тактичность, а также известная дисциплинированность педагога.

**Так каким же должен быть учитель в современном обществе?**

Это человек, способный создавать



условия для развития творческих способностей, развивать у учеников стремление к творческому восприятию знаний, учить их самостоятельно мыслить, самостоятельно формулировать вопросы, полнее реализовывать их потребности, повышать мотивацию к изучению предметов, поощрять их индивидуальные склонности и дарования. Современный учитель соединяет в себе любовь к делу и к ученикам, умеет не только учить детей, но и сам способен учиться у своих учеников. Он должен выявлять самые лучшие качества, заложенные в душе каждого ребенка, поощрять детей, чтобы они получали радость от приобретенных знаний.

Современный учитель – это профессионал, мастер своего дела. Профессионализм педагога определяется его профессиональной пригодностью; профессиональным самоопределением; саморазвитием, т. е. целенаправленным формированием в себе тех качеств, которые необходимы для выполнения профессиональной деятельности.

**Тажиева Баян,  
учитель предшкольного класса  
общеобразовательной школы №2  
города Приозерск.**

## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ



«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-сі Қаламыздың Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен жеке Кәсіпкерлеріне арналған «Әлеуметтік Жұмыс орындарына» қатысуға шақырады.

Бұл бағдарламаға жолданған жұмыссыз азаматтардың жалақысының 35% халықты жұмыспен қамту орталығымен қаржыландырылады.

Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыссыздар үшін арнайы құрылады, олардың арасында:

- 1)балалар ауылының тәрбиеленушілері және балалар үйлерінің түлектері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған он алты жастан жиырма үш жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-интернаттардың;
- 2)зейнеткерлік жас алдындағы (зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған) адамдар;
- 3)мүгедектер;
- 4)бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және (немесе) мәжбүрлеп емдеуден өткен адамдар;
- 5)пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
- 6)кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көпбалалы ата-аналар;
- 7)жеті жасқа дейінгі баланы, мүгедек баланы, бірінші және екінші топтағы мүгедектерді бағып-күтуді жүзеге асыратын адамдар;
- 8)қандастар;
- 9)терроризм актісінің нәтижесінде зардап шеккен адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар басым құқыққа ие болады;

Әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламасына қатысу үшін жеке кәсіпкерден немесе ЖШС дан талап етілетін құжаттар:

- 1) Жарғы (Устав)
  - 2)Занды тұлғаны, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.
- Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмыссыз азаматтар мен кәсіпкерлерді шақырамыз.
- Барлық сұрақтар бойынша Жұмыспен қамту орталығына мына мекен-жай бойынша хабарласыңыз: Приозерск қаласы, Балқаш көшесі 5. 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-14:30сағ. дейін) немесе телефон арқылы: 8(71039) 52788, 52314.**

## ЖАСТАР ТӘЖІРИБЕСІ

«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-сі «Жастар тәжірибесіне» қатысуға шақырады. Жастар тәжірибесі алған мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының жиырма тоғыз жастан аспаған және соңғы үш жылғы түлектері қатарындағы жұмыссыздарға арнайы белгіленген.

Жастар тәжірибесіне жолдама алу үшін:

- 1)Жеке куәлік
- 2)Диплом
- 3)Еңбек кітпашасы (бар болса).

Барлық сұрақтар бойынша Жұмыспен қамту орталығына мына мекен-жай бойынша хабарласыңыз: Приозерск қаласы, Балқаш көшесі 5. 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-14:30сағ. дейін) немесе телефон арқылы: 8(71039) 52788, 52314.

## ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ КУРСТАР

«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша Приозерск қаласының жұмыссыз азаматтарын қысқа мерзімді курстардан өтуге шақырады.

Оқу мерзімі 3 ай, ай сайын 20948 теңге мөлшерінде степендия төленеді.

Барлық сұрақтар бойынша Жұмыспен қамту орталығына мына мекен-жай бойынша хабарласыңыз: Приозерск қаласы, Балқаш көшесі 5. 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-14:30сағ. дейін) немесе телефон арқылы: 8(71039) 52788, 52314.

## ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАР

«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-сі «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша Приозерск қаласының жұмыссыз азаматтарын қоғамдық жұмыс орындарына шақырады. Қоғамдық жұмыстар-халықты жұмыспен қамту орталықтары ұйымдастыратын, қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, олардың уақытша жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік пайдалы бағыты бар еңбек қызметінің түрлері.

Қоғамдық жұмыс орындарына жолдама алу үшін:

- 1)Жеке куәлік
- 2)Диплом немесе аттестат (бар болса).
- 3)Еңбек кітпашасы (бар болса).

Барлық сұрақтар бойынша Жұмыспен қамту орталығына мына мекен-жай бойынша хабарласыңыз: Приозерск қаласы, Балқаш көшесі 5. 09:00-ден 18:30-ға дейін (түскі үзіліс 13:00-14:30сағ. дейін) немесе телефон арқылы: 8(71039) 52788., 52314.

«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

## ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ГРАНТ

Право на участие в конкурсе на получение государственного гранта согласно Государственной Программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Еңбек» второго направления имеют:

1)лица, проживающие в сельской местности, в городах, в том числе моно и малых городах;

2)инвалиды, если по медицинскому заключению состояние их здоровья не препятствует выполнению трудовых обязанностей либо не угрожает их здоровью и безопасности труда других лиц;

3)лица старше пятидесяти лет до достижения пенсионного возраста;

4)молодежь, в том числе в категория NEEТ;

5)члены малообеспеченных и/или многодетных семей;

6)сельскохозяйственные кооперативы и их члены, не достигшие пенсионного возраста, установленного пунктом 1 статьи 11 Закона Республики Казахстан « О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан », крестьянские и фермерские хозяйства, включая участников якорной кооперации;

7)переселенцы и оралманы;

Претендентами на получение государственных грантов являются участники Программы, прошедшие курсы обучения основам предпринимательства по проекту "Бастау Бизнес" или завершившие обучение в рамках первого направления Программы и ранее не получившие финансовую поддержку в рамках других государственных программ массового предпринимательства на 2017-2021 годы "Еңбек".

Средства государственных грантов для реализации новых бизнес-идей используются по целевому назначению для приобретения необходимого инвентаря, орудий труда, технологического оборудования, животных, скота, птицы, аренду помещения.

Для получения государственного гранта для реализации новых бизнес-идей участник Программы предоставляет: заявление на получение государственного гранта, копию документа, удостоверяющего личность, бизнес-план, сертификат, подтверждающий прохождение обучения в рамках Программы.

Государственные гранты предоставляются участникам Программы, реализующим или планирующим реализовать стартовый бизнес, на безвозмездной и безвозвратной основе один раз.

Микрокредиты под залог недвижимого имущества (дом, квартира, земля) предоставляются на открытие и расширение существующего бизнеса под 6% годовых, «многодетным» - под 4%.

Обязательным условием является наличие сертификата о прохождении курсов обучения основам предпринимательства по проекту "Бастау Бизнес" и регистрация в налоговых органах, как «Индивидуальный предприниматель» или «Крестьянское хозяйство». Если ИП или КХ свыше 3-х лет - наличие сертификата необязательно.

За полной консультацией обращаться в КГУ «Центр занятости населения акимата города Приозерск» по адресу: г. Приозерск, ул. Балхашская 5, 1 этаж. Тел: 8(71039) 52788, 52314.

КГУ «Центр занятости населения акимата города Приозерск»

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

## МҚҰ «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» МҒО

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС ТӨМЕН % СТАВКАЛАР  
НИЗКИЕ % СТАВКИ

до 1 000 000 ТҒ ДЕЙІН

## МИКРОКРЕДИТТЕР

✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін)  
және жұмыс істейді

✓ кепілсіз ✓алты жылға дейін

ТЕЗ ЖӘНЕ ЫҒАЙЛЫ!

## МИКРОКРЕДИТЫ

✓ для пенсионеров (до 78 лет)  
и работающих

✓ без залога ✓ до шести лет

ПРОСТО, УДОБНО БЫСТРО!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕЙТОВОЙ, Д. 8. МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС»,  
8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

2021 жылғы 03 наурыздағы микроқаржы ұйымының қызметін жүзеге асыру құқығын беретін №09.21.005 лицензиясы

## НЕДВИЖИМОСТЬ

## ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда,  
(город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление  
на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.  
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

## Уважаемые жители города Приозерск!

Напоминаем, что точкой бесплатного распространения местной газеты «Приозерский вестник» является магазин №1 «Золушка», расположенный на территории центрального городского рынка.  
Контактный телефон: 8-777-103-8589

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),  
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сагпаева 15,  
Заказ № 14/710. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,  
формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы  
обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный  
адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041